

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№169

2017 жылғы 30 мамыр

**№10 Абай сайлау округінен депутат
А.А.Айтжановтың депутаттық сауалы
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 21-1-бабына, облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы №195 шешімімен бекітілген Ақтөбе облыстық мәслихаты Регламентінің 4 Тарауына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының әкімі І.С.Испановқа жолданған, №10 Абай сайлау округінен депутат А.А.Айтжановтың депутаттық сауалы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабымен белгіленген мерзімде жауап ұсынуы үшін, «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» ММ (Т.В.Айтқалиев) депутаттық сауалды үш күндік мерзім ішінде жолдасын.

**Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА